

Ұстаздың ұстазы. "Жұмат Тілепов және қазақ әдебиеті тарихының келелі мәселелері" атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. 11 сәуір, 2014 жыл. 72-76 б.б. - Алматы, "Қазақ университеті".

## ҰСТАЗДЫҢ ҰСТАЗЫ

Ұстаз – ұлағатты есім. Ұстаздар жайында халқымыздың батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеккер егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген екен.

Ел игілігі үшін еңбекпен етене араласып, жарқын болашаққа қарымды кадам жасаған ұлағатты ұстаздың өмірі қиындық пен қуанышқа толы. Ендеше, ұстаздық қасиетке барынша адалдық танытып, бар саналы ғұмырын осы салаға арнаған ұстаздарға қандай мақтау, мадақ айтсақ та артық емес.

Біз бүгін осындай ұлағатты ұстаз, **әдебиетте ерекше орны бар, өзіндік ұстанымы, өзіне тән соқпағы бар деп айтуға болатын әдебиетші, ақын, зерттеуші, тарихты жете меңгерген жазушыларымыздың бірі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің** филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, қазақ әдебиеті тарихы және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры **Жұмат Жұмалыұлы Тілеповтің** еңбегі туралы толғамақпыз.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, ақын, жазушы, қазақ әдебиеті ғылымының көрнекті зерттеушісі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі **Тілепов Жұмат Жұмалыұлы** 1944 жылдың наурызында Маңғыстау облысының (бұрынғы Гурьев облысы) Таушық кентінде дүниеге келген. Ол 1963 жылы өзі өмірге келген Таушық кентінде он бір жылдық мектебін бітіргеннен кейін, жаңадан ашылып жатқан қара алтын кеніші Жетібай мұнай-газ барлау өндірісінде бір жыл (1963-1964) қызмет етеді. 1964 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1969 жылы ойдағыдай бітіріп шығады да, республикалық жастар газеті «Лениншіл жасқа» (қазіргі «Жас Алаш») қызметке қалдырылады. 1969-71 ж. Забайкалье әскери округінде әскери қызметкер, офицер болып қызмет атқарады. 1972-1978 жылдары «Қазақстан коммунисті» (қазіргі «Ақиқат») журналында әдеби қызметкер, «Қазақстан», «Жалын» баспасында редактор болып еңбек етеді. 1978-1996 жылдары ол Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші, аға, жетекші ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып жұмыс жасайды. 1997-1999 жылдары осы мекемеде институт директорының

орынбасары, қолжазба және текстология ғылыми орталығының басшысы болып қызмет атқарады. 1999-2000 жылдары Алматы халықаралық журналистика институтының ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, филология кафедрасының меңгерушісі болып істейді. Жұмат ағай 1999-2001 жылдары осы жұмыстарымен қоса «Ғылым» баспасының бас редакторы қызметін де атқарады. Жұмат ағай 2000 жылдан бері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде ұстаздық етіп келеді. Ағайдың алдынан осы уақыт ішінде сандаған студент дәріс алып, тәрбиеленіп өсуде. Ағайымыз өзінің осы 70 жасына елеулі еңбектерімен, қадірлі қызметімен келіп отыр.

Ғалым шығармашылық жолын өлең, проза, очерк, мақалалар жазудан бастаған. Ол кісінің көптеген көркем туындылары республикалық газеттер мен журналдарда, «Көктем тынысы», «Өнегелі өмір», «Достық нұры» секілді ұжымдық жинақтар мен «Таң шапағы» (1977), «Таңғы тілек» (2014) атты өлеңдер жинағында, «Ерекше күн» атты (1978) әңгімелер жинағында жарық көрген.

Ғалым өзін өлең өлкесінде ақын, проза жанрында жазушы ретінде танытқан. Сонымен қатар ол өте сауатты да, тәжірибелі аудармашы. Қаламгер Е. Купрееваның «Дәрігер парызы» (1975), Р. Ермекованың «Өсімдік тозаңдарының аллергиясы» (1976) сияқты кітаптарын орыс тілінен қазақшаға аударып отырып, өзінің бұл салада да қабілеті барлығын айқын танытты.

Жұмат Тілепов – қазақ қыздарынан шыққан ұлы оқымысты Ш.Қ. Сәтбаеваның ғылыми ақыл-кеңесімен 1987 жылы «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тарихилығы мәселелері» деген тақырыпта кандидаттық, 1997 жылы «XIV-XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының тарихилығы» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған, бірталай ғылыми зерттеу мақалалары мен бірнеше ғылыми монографиялары жарық көрген автор. Ғалымның қаламынан туындаған шығармалары «Қазақ поэзиясының тарихилығы» (1994), «Елім деп еңіреген ерлер жыры» (1995), «Тарих және әдебиет: XIV-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихилығы» (2001) аталатын жеке монографиялары, «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» (1983), «XIX ғасырдағы қазақ ақындары» (1988), «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1994), «Шал ақын Құлекеұлы» (1999), «Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-том» (2000), «М.Әуезов және әлем әдебиеті» (2001-2004), «Ғабит Мүсіреповтің көркемдік әлемі» (2002), «Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдік рухы» (2003), «Идеи и реальность евразиства» (1999), «Е.Ысмайылов және қазақ әдебиеттану ғылымы» (2004), «Х.Сүйіншәлиев және қазақ әдебиеті тарихының келелі мәселелері» (2004) секілді жинақтардағы монографиялық тараулары мен ғылыми-зерттеу мақалалары оның ғылым жолында қалыптасқан белгілі зерттеуші екендігін айқындайды.

Жұмат ағай – қазақ жыраулары мен ақындары шығармаларын тарихи мағлұматтарды фольклорлық, әдеби жәдігерліктермен, тарихи жазба деректермен байланыстыра қарастырып, қазақтың төл әдебиетін зерделі

зерттеген зерттеуші. Оның Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қыдан, Қазтуған, Шалкиіз (Шөлгез), Доспамбет, Марғасқа, Жиёмбет, Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Шал, Түбек, Қобылан, Өске, Махамбет, Сүйінбай, Жамбыл, Нарманбет, Байбатыр, Сәттіғұл, Мұрын жырау секілді дара тұлғалардың шығармашылық әлемін, қазақтың мақалдары мен мәтелдерін, «Бабалар сөзі» жинағында ғылыми тұрғыдан дәйектілікпен зерттеудегі, академиялық басылымдарын дайындаудағы еңбегінің ғылыми жұртшылық пен оқырмандар қауымы тарапынан әділ бағасын алған зерттеуші.

Ғалымның халықаралық ғылыми конференцияларда жасаған «Қозы Көрпеш -Баян сұлу» жыры, Манастану мәселелері, мұсылман діні және оның көрнекті қайраткерлері, қазақ жұртының халық үшін бүкіл өмірін сарп еткен елбасылары мен қолбасылары, шешендері мен билері – Абылай, Әбілқайыр, Бөгембай, Қабанбай, Қазыбек, Сырым, Сарыбай, Құлбарақтар жайлы, қазақ әдебиеттану ғылымы мен көркем сөз өнерінде ерекше орны бар М. Әуезов, С. Сейфуллин, Ә. Марғұлан, Е. Ысмайылов, С. Қирабаев, Ә. Дербісәлин, Ш.Қ. Сәтбаева, Х. Сүйіншәлиевтер туралы баяндамалары да үлкен ізденіспен жазылған, ғылыми тұрғыдан ерекшеленетін еңбектер ретінде бағаланады.

Ж. Тілепов оқытушылықты ғылыммен ұштастыра жүргізіп келеді. Бұл салада да айтарлықтай нәтижеге жеткенін көреміз. Зерттеушінің көп жылдық еңбек ізденістерінің күрделі қорытындысы соңғы жылдары шыққан «Таным мен тағылым», «Ел мүддесі – ерлер еншісі». А., «Үш қиян» 2010 ж., «XIV-XVIII ғасырлардағы қазақ халқының тарихы һәм жыраулар мұрасы» А., «Үш қиян» 2011 ж., «Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті» А., Қазақ университеті, 2013 ж. атты оқу құралдары мен монографияларынан көрінеді.

«XIV-XVIII ғасырлардағы қазақ халқының тарихы һәм жыраулар мұрасы» мен «Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті» монографиясы мен оқу құралында қазақ халқының хандық дәуірде өмір кешкен әдебиеті – XIII – XIV ғасырлардың перзенті Сыпыра жыраудан бастап, оған жалғас өмір кешкен Асан қайғы, Қыдан тайшы, Қазтуған, Шалкиіз (Шөлгез), Доспамбет, Марғасқа, Жиёмбет, берідегі Бұқар жырау, Үмбетей, Ақтамберді, Шал, т.б. көркемсөз өкілдері шығармаларын құрайтыны мәлім. Ғалым бұл оқу құралын жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттері мен магистранттарына, сондай-ақ ел әдебиеті мен тарихының өткеніне ықыласты қалың оқырман қауымға арнаған. «Таным мен тағылым», «Ел мүддесі – ерлердің еншісі» атты еңбектерінде ғалымның Шал ақын Құлекеұлы, Қобылан Бөрібайұлы, Түбек Байқошқарұлы, Өске Торқаұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Жамбыл Жабаев, Иманжүсіп Құтпанұлы, Байбатыр Ержанов сынды XVIII-XX ғасырдағы қазақ поэзиясының саңлақтары, қазіргі қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының З. Қабдолов, С. Қирабаев, Ш. Сәтбаева, Ә. Кекілбаев, З. Ахметов, Ә. Дербісәлин, Т. Кәкішов, Х. Сүйіншәлиев, А. Қыраубаева сынды майталман жүйріктері жайлы мақалалары топтастырылған. Ғалым бұл еңбектерінде өзіне дейінгі,

сондай-ақ, қазіргі замандас ғалымдар зерттеулеріне тереңнен бойлай отырып, пайымдау жасайды. Кітап тек әдебиеттанушы ғалымдар мен студенттердің ғана емес, жалпы қазақ көркемсөзіне ықыласты қалың оқырман назарына ұсынылып отыр.

Ғалымдығын айтпағанда өзінің, елі үшін, мемлекет үшін тер төккен қайраткерлігінің өзі бір төбе. Ол кісінің диссертациялық кеңестің мүшесі болып ғылым докторлары мен кандидаттарына жетекшілік жасауын ғылымға деген қамқорлығы деп түсінеміз. Осының бәрі нағыз азаматтың еліне деген перзенттік парызы, азаматтық борышы екеніне де ешқандай күмәніміз жоқ.

Бүгінде 70 жасқа келіп отырған Жұмат ағайымыздың осы уақытқа дейін елі үшін еңбек етуі, адал қызмет атқарумен байланысты екен. Ғалым өзінің бар ғұмырын шәкірт тәрбиелеп, болашаққа жол сілтеумен арнап келеді. Болашақта да осы қызметінен тапжылмай, әлі де бірнеше уақыт адал да, қайырымды ісімен жалғастыруына өз басым сенімдімін.

Профессор Ж.Ж. Тілеповтің ғылыми жетекшілігімен ең кішісі бакалаврлық диплом жұмысы мен магистрлік жұмыстар, ең көлемдісі кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалып, сондай-ақ осы кандидаттық, докторлық диссертацияларға оппоненттік (сарапшылық) пікірлер жазған ғалым. Ғалым өзі сүйген ғылымға шәкірттерінің бағытын нақтылап көрсетіп, әрбір жас маманды ғылымға таратудан ешқашан жалықпайды. Жұмат ағай (мен білетін) 2004 жылы 2 магистрлік диплом жұмысқа (Ақбаян Оспанова мен Назгүл Түндебаеваға), 2005 жылдан бастап (маған) С. Нұртілеуоваға «Ханғали Сүйіншәлиевтің әдебиет тарихына байланысты еңбектері», кейін ізденушілік негізінде (кандидаттық диссертация) осы Ханғали ағайдың еңбегіне байланысты, кеңейтілген түрде «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері және Х. Сүйіншәлиев зерттеулері», менімен қатар тағы да Ж.С. Әділхановаға «XX ғасырдың 60-90 жылдардағы әдебиеттану ғылымы: С. Сейітовтің ғылыми еңбектері» атты тақырыпта кандидаттық диссертация дайындауға жетекшілік етті. Өкінішке орай, уақыттың шектеуіне, Ғылыми кеңестің жабылуына байланысты, осы тақырыптардағы кандидаттық диссертациялар қорғалып үлгермеді. Ж.С. Әділханова талқылаудан өте тұра уақыт жетпеді. Ал, ол кісі жетекшілік етіп қорғалған кандидаттық диссертациялары өте көп. Соның ішінде маған танысы: (Дәрібаев С. Сыр шайырлары поэзиясындағы ежелгі әдебиет дәстүрі. Алматы, 2002. Жеткізгенова Ә. Сәттігүл Жанғабыловтың ақындық мұрасы. Алматы, 2004. Бүркітбаева А. Шәкәрім Құдайбердиевтің лирикасы. Алматы, 2004. Мәтбек Н. Сүлеймен Бақырғанидың (Хакім ата) әдеби мұрасы. Алматы, 2005, Қосанов С.Қ. Базар Жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы (ақындық дәстүр, жанр, поэтика) Алматы, 2005.) кандидаттардың тақырыптарына жетекшілік етті. Қазіргі таңда аталған шәкірттері республикамыздың әр университеттерінде доцент, аға оқытушы болып қызмет етуде.

Менің есімдегісі бізге Жұмат ағай 2000 жылы «20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті», «ТМД халықтарының әдебиеті» пәнідерінен дәріс оқыды. Жұмат ағайға дейін филология ғылымдарының докторы, профессорлар Рымғали Нұрғали және Бауыржан Омаров ағайлар дәріс оқыған еді. Рымғали, Бауыржан ағайлар қызмет бабымен басқа жұмысқа ауысып, одан әрі Жұмат ағайымыз өзі осы пәндердің дәрісін оқып, семинарын жүргізіп, жалғастырды. Кейін де магистратурада «Ы. Дүйсенбаевтің, Н. Орманбетовтың әдеби мұрасы» атты пәндердің дәрісі мен семинарын да өзі жүргізді. Алғаш келгенде ол кісі қандай салмақты, сабырлы, биязы, қамқор, сыйлы, өз ісіне адал болса қазіргі кезде де сол қалпынанда, еш өзгермеген. Ұжымында әрқашан сыйлы, беделді, өз ісіне адал, шыншыл, тиянақты, өте білімдар, аса қадірлі де, сабырлы ұстаз.

Әлемге әйгілі ойшыл әл-Фарабидің: «Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек»-деген сөзі осы кісіге лайықты айтылса керек-ті.

Әрбір шәкіртінің зейінін ашып, білім мен ғылымнан сусындатқан ұстаз туралы айтылар сөз, жазылар ой көп-ақ...

Ардақты ұстазымыз, Сізді, адам өмірінің айтулы белесі – 70 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен барша шәкірттеріңіз болып құттықтаймыз! Өзіңізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін аяулы азамат, ақылшы, ғалым-ұстаз, аға, ғылыми жетекші ретінде жақсы білеміз. Бар еңбегіңізді арнаған саланы дамытуға сіңірген белсенді қызметіңіз, тың ғылыми-зерттеушілік жаңалықтарды енгізуде озық ойлайтын кемел қабілетіңіз тәнті етпей қоймайды, жастарға ұлағатты ұстаз, өнегесіз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт, сөзіңізге өріс, шығармашылық жұмысыңызға жеміс пен табыс тілейміз. Арманның ажарында, бақыттың базарында, көпшіліктің алғысы мен құрметіне бөленіңіз. Ғылым жолында тапжылмай еңбек етіп, тер төгіп ұзақ жасай беріңіз!

ЖОО дейінгі білім беру факультеті  
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру  
дайындығы кафедрасының аға оқытушысы С.Р. Нұртілеуова